

## Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 13 қарашадағы № 392 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 27 қарашада № 4277 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 2018 жылғы 23 қарашадағы № 159 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 23.11.2018 № 159 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.03.2018 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқада міндетті төлемдер туралы" 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6 тармағының бірінші абзацына және Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 55 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13285 тіркелген) Қазығұрт ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.03.2018 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.03.2018 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Қазығұрт ауданы әкімінің аппараты заңнамада белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде

Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерінің мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;

4) осы қаулының Қазығұрт ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары С.Ш. Нұрмановқа жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т.Т.Телғараев

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазығұрт ауданы бойынша  
мемлекеттік кірістер басқармасы"  
мемлекеттік мекемесінің басшысы

\_\_\_\_\_ Қ.Т. Құдияров

"13" қараша 2017 жыл

Қазығұрт ауданы әкімдігінің  
2017 жылғы 13 қарашадағы  
№ 392 қаулысына қосымша

## **Қазығұрт ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті**

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - Оңтүстік Қазақстан облысы Қазығұрт ауданы әкімдігінің 27.03.2018 № 96 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

№	Ауыл округінің атауы	Елді мекеннің атауы	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Қазығұрт	Қазығұрт	1,85
2		Молбұлақ	1,40
3		Кезеңбұлақ	1,55
4		Ащыбұлақ	1,55
5	Шарбұлақ	Шарбұлақ	1,85
6		Ақбастау	1,50
7	Тұрбат	Тұрбат	1,85
8		Қызылдиқан	1,65
9		Еңбек	1,75
10		Өндіріс	1,55
11	Сабыр Рақымов	Майбұлақ	1,45
12		Көкібел	1,65

13		Қызылата	1,45
14	Жігерген	Тесіктөбе	1,60
15		Қызылбұлақ	1,35
16		Айнатас	1,50
17		Өгем	0,05
18		Жігерген	1,80
19		Шақпақ	1,40
20	Алтынтөбе	Қаржан	1,75
21		Алтынтөбе	1,65
22		Қосағаш	1,65
23		Акқұм	1,40
24		Қарабау	1,05
25		Лесхоз	1,00
26	Жаңабазар	Қарабастау	1,60
27		Жаңабазар	1,85
28		Жылыбұлақ	1,75
29		Үлгілі	1,55
30		Қожамберді (Каз ССР 20 жыл)	1,55
31		Жаңаталап	1,40
32		Жеңіс	1,30
33		Тілектес	1,45
34		Бейнеткеш (Жаңожол)	1,35
35	Қарабау	Қарабау	1,65
36		Жұмысшы	1,50
37		Үшбұлақ	1,65
38		Сынтас (Жаңатұрмыс)	1,85
39	Шарапхана	Шарапхана	1,85
40		Жіңішке	1,55
41		Бақабұлақ	1,45
42		Майлыошақ	1,40
43		Махамбет Өтемісұлы	1,65
44		Талдыбұлақ	1,40
45	Қарақозы Әбдәлиев	Атбұлақ	1,75
46		Рабат	1,85
47		Амангелді	1,55
48		Еңбекші	1,45
49		Жаңаталап	1,30
50		Қыдыр Мамбет (Казыгурт )	1,75
51		Қызылдала	1,45
52	Қақпақ	Қақпақ	1,75
53		Сырлысай	1,20
54		Заңғар	1,30

55		Қызылқия	1,85
56		Айнатас	1,65
57	Қызылқия	Ынталы	1,75
58		Қызылсеңгір	1,50
59		Тұғыртас	1,30
60		Шанақ	1,65
61		Ақжар (Абай)	1,35
62	Шанақ	Ескі Шанақ	1,30
63		станция Шанақ	1,30
64		Ызабұлақ	1,30

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК